



SEMEYtanu



№61 (19813) 4 тамыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ



Абай облысында креативті индустрияны дамыту, инвестициялық жобаларды іске асыру және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. Өткен аптада Астанада өңірдің мәдени-шығармашылық әлеуеті кеңінен танытырылып, Семейде ірі халықаралық инвестициялық жобаның іргетасы қаланды. Сонымен қатар жаңа заңнамалық тәртіпке сәйкес Аягөз ауданына жаңа әкім тағайындалды.

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ,
«Semei tanu»

Елорданың қақ төрінде өткен «Тұңғыштар мекені – киелі Абай елі» креативті көрме-жәрмеңкесі Абай облысының бүгінгі тынысына, шығармашылық әлеуетін және болашаққа бағыт алған даму бағдарын айшықтап берген тағылымды оқиға болды. Бұл – өңірдің өткенін бүгінмен, ұлттық құндылықтарын заманауи технологиялармен, дәстүрлі өнерін креативті экономикамен сабақтастыра алғанының айқын дәлелі.

Бүгінгі таңда әлемде табиғи ресурстар бұрын адам капиталы, тың идея мен шығармашылық ой жоғары бағаланады. Креативті индустрия көптеген мемлекеттердің экономикалық өсіміне серпін беретін маңызды салаға айналып отыр. Сондықтан ұлттық өнерді сақтап қана қоймай, оны заман талабына бейімдеп, жаңа нарыққа шығару – уақыттың басты міндеттерінің бірі.

Осы тұрғыдан келгенде Абай облысының республикалық «Creative AImaq» жобасы аясындағы көрме-жәрмеңкеге қатысуы өңірдің жаңа даму бағытын көрсеткен маңызды қадам болды.

Облыс әкімдігінің қолдауымен өткен көрме-жәрмеңкенің салтанатты ашылуына Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов пен облыс әкімінің орынбасары Мейірман Раханов қатысты.

Көрмеге қойылған 842 туынды – өңірдің шығармашылық әлеуетінің нақты көрінісі. Оның ішінде жүздеген көлөнер бұйымдары, семейлік суретшілердің картиналары, киізден жасалған дүниелер, текеметтер, ұлттық және заманауи үлгідегі киімдер, ағаш пен былғарыдан жасалған көркем бұйымдар, ұлттық музыкалық аспаптар мен кәдесыйлар көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Әрбір бұйымнан шебердің талғамы ғана емес, туған жерге деген құрметі, ұлттық өнерге деген жанаушылық сөзіліп тұрды. Көрме төрін орын алған белгілі қыпқалам шебері Виктор Шмидттің «Рәкімет және кешір» картинасы да келушілердің назарын ерекше аударды. Бағасы қанша жоғары болғанымен, шығарманың ең үлкен құндылығы оның көтерген идеясында жатыр. Алғыс айта білу, кешірім сұрай білу және кешіре білу секілді мәңгілік адамгершілік қасиеттерді бейнелеген туынды бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Өнердің басты мақсаты да – адам жанын тәрбиелеу, ізгілікке үндеу, қоғамды ойландыру болса керек.

Елордадағы көрменің ең басты ерекшелігі – дәстүр мен технологияның өзара үйлесім табуы болды. Бір жағында гасырлар бойы атадан балаға жалғасып келе жатқан қолөнер туындылары қойылса, екінші жағында жасанды интеллект пен цифрлық технологияларға негізделген тың жобалар ұсынылды. Әсіресе, жасанды интеллект арқылы қазақтың ұлы ақынын айтысқа қатыстыратын жоба көрермендердің ерекше қызығушылығын тудырды. Бұл – ұлттық мұраны жаңа технология арқылы дәріптеудің жарқын үлгісі. Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтап қалудың бір жолы – оны қазіргі заманның мүмкіндіктерінмен ұштастыра білу. Осы жағынан келгенде Абай облысының бұл бастамасы көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Көрме аясында Абай музейі, Абай кітапханасы және облыстық тарихи-өлкетану музейі дайындаған экспозициялар да келушілерді өңірдің бай тарихымен, әдеби және мәдени мұрасымен жақынырақ таныстырды.

Ал гастрономиялық өнімдер көрменің мазмұнын одан әрі толықтыра түсті. Саржалдың қымызы, ұлттық төтілер мен саумалдан дайындалған балмұздақ өңірдің табиғи ерекшелігі мен дәстүрлі тағам мәдениетін таныстырып қана қойған жоқ, Абай облысының брендті өнімдерінің қалыптасып келе жатқанын да көрсетті.

Мұндай жобалардың маңызы тек көрме ұйымдастырумен немесе өнім сатумен өлшенбейді. Ең бастысы – шығармашылық адамдарына жаңа мүмкіндік ашылады, шеберлер өз бұйымдарын жаңа нарыққа ұсынады, суретшілер жаңа көрермен табады, кәсіпкерлер жаңа серіктестермен байланыс орнатады. Бұл өз кезегінде өңірдегі шағын кәсіпкерліктің дамуына, ұлттық брендтердің қалыптасуына және шығармашылық индустрияның өркендеуіне ықпал етеді.

Ұлы Абай «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деп адал еңбек пен ізденістің қадірін ерекше бағалаған. Бүгінде оның өсімін иеленген өңір де дәл осы ұстаныммен дамудың жаңа жолын таңдаған-дай. Мұнда ұлттық мұра өткеннің естелігі ретінде ғана емес, болашақтың мүмкіндігі ретінде қарастырылып келеді. Өнер де, қолөнер де, цифрлық технология да, жасанды интеллект те бір мақсатқа – өңірдің дамуына, халықтың өл-ауқатын арттыруға және қазақтың рухани құндылықтарын әлемге танытуға қызмет етуі тиіс деген ұстаным айқын аңғарылады.

Ұлы ойшылдың туған жері бүгінде оның рухани мұрасын сақтап қана қоймай, сол мұраны жаңа заманның тілімен сөйлетіп, ұлттық өнерді жаңа белеске көтеруге ұмтылып келеді. Ал мұндай бастамалар Абай облысының ғана емес, тұтас Қазақстанның креативті экономикасын дамыту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болып қала беретіні сөзсіз.

Өткен аптадағы тағы бір маңызды жаңалық – Семей қаласында «EcoForest» толық циклді экологиялық ағаш өңдеу өнеркәсіптік паркінің іргетасын қалау рәсімі өтті.

Салтанатты шараға облыс әкімі Берік Уәли мен «Xinjiang Chunzheng Aosi Trading Co., Ltd.» компаниясының бас директоры Чжан Лиай қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аймақ басшысы құттықтау сөзінде бұл жобаның өңірдің өнеркәсіптік және инвестициялық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға зор үлес қосатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев инвестиция тартуды еліміздің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі ретінде үнемі айтып, тиісті тапсырма беріп келеді. Абай облысында инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға, өндірістің инфрақұрылымын дамытуға және жаңа өндірістерді іске қосуға ерекше көңіл бөліп отырмыз. Бүгінгі жоба – халықаралық серіктестіктің нақты нәтижесі. Былтыр Қытай Халық Республикасында өткен «Үлкен Алтай» халықаралық конференциясында басталған келіссөздердің нәтижесінде бұл бастама жүзеге асырылғалы отыр. Жоба өңірлік үйлестіру кеңесінде қолдау тауып, оны іске асыру үшін қажетті мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіліп, жер учаскелері берілді. Жобаның іске асырылуы өңірдің өнеркәсіптік және экологиялық дамуына елеулі үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, заманауи технологияларды енгізуге және ағаш шикізатын тиімді, көшенді әрі қалдықсыз пайдалануға мүмкіндік береді, – деді Берік Уәли.

Жоба өрттен зардап шеккен және санитарлық кесу-

ге жататын ағаштарды тиімді өңдеуге, қосылған құны жоғары өнім өндіруге, өндіріс қалдықтарын қайта пайдалануға және өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға бағытталған.

Жобаның жалпы инвестициялық көлемі 67 миллион АҚШ долларын құрайды. Оның аясында Семей қаласында 50 гектар аумақта толық циклді индустриялық-экологиялық ағаш өңдеу паркі, ал Бородулиха ауданындағы Михайловка ауылында 4 гектар жерде ағашты бастапқы өңдеу кешені салынады.

Семейдегі кешенде жылына 2 миллион текше метрге дейін ағаш шикізаты өңделіп, 800–900 мың текше метр дайын өнім шығару жоспарланған. Кешен құрамына жылына 250–300 мың текше метр қуаттылыққа ие Е1, Е0 және ENF классындағы тақталар өндіретін зауыт, дәл осындай қуаттылықтағы OSB және FOSB тақталарын шығаратын зауыт, жылына 100 мың текше метрге дейін дайын өнім өндіретін жиһаз өндіретін модуль, термиялық модификацияланған және анти-септикалық өңдеуден өткен ағаш өндірісі, еуропалықтар шығаратын өндіріс, ағаш пеллеттері мен биоотын өндіретін зауыт, органикалық тыңайтқыштар өндіретін кәсіпорын, құрылыс-логистикалық орталық және қажетті инженерлік инфрақұрылым енеді.

Ал Бородулиха ауданындағы кешенде жылына 500 мың текше метрге дейін ағаш өңдеп, 120–150 мың тонна пеллет өндіру көзделген. Мұнда ағашты қабылдау, есепке алу, сұрыптау, қабығын аршу, сортименттерге бөлу, аралау, кептіру, ұсақтау және шикізатты терең өңдеуге дайындалу жұмыстары жүргізіледі. Дайындалған ағаш кейін Семей қаласындағы негізгі өндірістік кешенге жеткізіледі.

Жоба аясында заманауи автоматтандырылған өндіріс іске қосылып, ағаш шикізаты қалдықсыз технология бойынша терең өңделеді. Кәсіпорындарда OSB және FOSB панельдері, MDF, ағаш-жаңқалы тақталар, фанера, шпон, инженерлік және өрлеу панельдері, жиһаз дайындамалары, ағаш пеллеттері, биоотын және органикалық тыңайтқыштар өндірілетін болады.

Жоба толық қуатына шыққан кезде кәсіпорындарда 900-ге дейін тұрақты жұмыс орны ашылып, өндірілген өнім Қазақстан нарығымен қатар Орталық Азия, Еуропа, Жапония, Оңтүстік Корея және өзге де халықаралық нарықтарға экспортталады.

Инвесторлардың айтуынша, жұмысшылардың 90 пайызы жергілікті азаматтардан құралады.

Кәсіпорынның аймақ экономикасы үшін маңызына тоқталған «Xinjiang Chunzheng Aosi Trading Co., Ltd.» компаниясының бас директоры Чжан Лиай индустриялық-экологиялық парк құрамына заманауи өндіріс орындары біріктірілетінін айтып, бұл бастама ағаш өңдеу саласын жаңа деңгейге көтеретінін жеткізді.

«Біздің жоба орман аумақтарын санитарлық тазартуды, ағашты бастапқы және терең өңдеуді, дайын өнім, биоотын және органикалық тыңайтқыштар өндіруді біріктіреді. Жобаның негізгі қағидаты – ағаш шикізатының әрбір бөлігін барынша тиімді пайдалану және өндірістік қалдықтардың көлемін минимумға дейін азайту. Бұл жоба өрттен зардап шеккен орман учаскелерін санитарлық тазарту жұмыстарын жеделдетуге, өңірде заманауи өңдеу өнеркәсібін қалыптастыруға және Қазақстан мен Қытай арасындағы ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді ынтымақтастықтың үлгісіне айналатынына сенімдіміз, – деді Чжан Лиай.

Кәсіпорын 2028 жылы пайдалануға беріледі деп

жоспарланып отыр. Оның іске асырылуы өңірде ағаш өңдеу өнеркәсібін дамытуға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға және жоғары қосылған құны бар экспортқа бағдарланған өнім өндіруге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, биыл облыста жалпы құны 131,2 млрд теңге болатын 41 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Соның нәтижесінде 3263 жаңа жұмыс орны ашылады. Ал жыл басынан бері жалпы құны 34,62 млрд теңгені құрайтын 14 инвестициялық жоба пайдалануға беріліп, 598 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Өңірдегі маңызды оқиғалардың бірі мемлекеттік басқару саласындағы кадрлық өзгеріспен байланысты болды. Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға тиісті өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістерге сәйкес облыстық маңызы бар қалалар мен аудандар әкімдерін сайлау институты жойылды. Қазіргі уақытта облыстық маңызы бар қалалар мен аудандардың әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен облыс әкімінің ұсынуымен, тиісті мәслихаттың көпшілігі арқылы тағайындалады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 25-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Аягөз аудандық мәслихаты депутатыларының келісімімен, облыс әкімінің өкімі негізінде Аягөз ауданының өкімі лауазымына Айбек Серікболұлы Нұғымаров тағайындалды.

Аягөз ауданы – облыстағы стратегиялық маңызы бар бірден-бір аймақ. Аудан ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және әлеуметтік саланы дамыту үшін жоғары әлеуетке ие. Сонымен қатар логистика мен сауданың дамуына ықпал ететін маңызды көлік қиылысында, яғни, тоғыз жолдың торабында орналасқан. Сол себепті қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, бұл жұмыстардың бәрін жүйелі жолға қойып, мемлекеттік бағдарламаларды сапалы және лайықты жүзеге асыру аса маңызды. Айбек Серікболұлының тәжірибесі жеткілікті. Осы уақыт ішінде өзінің іскерлік және ұйымдастырушылық қасиеттерін таныта білді. Сондықтан артылған сенімді ақтап, Аягөз ауданының жұртшылығымен бірлесе отырып, ауданның одан әрі дамып, гүлденуіне бар күш-жігерін салып, аянбай қызмет етеді деп сенім, – деді Берік Уәли.

Айбек Серікболұлы Абай ауданының Құндызды ауылында дүниеге келген. Семей мемлекеттік педагогикалық институтын «Дене шынықтыру», ал Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетін «Заңгер» мамандықтары бойынша тамамдаған.

Еңбек жолын Семей қаласындағы қазақ күресі бөлімінде оқытушы-жаттықтырушы болып бастаған. Кейін Шығыс Қазақстан облысының жоғары спорт шеберлік мектептерінде нұсқаушы-әдіскер, қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы болып қызмет атқарды. Алты жылдан астам уақыт Семей қаласындағы Келік колледжінің директоры болды. Осы лауазымға тағайындалғанға дейін Аягөз ауданы әкімшісі орынбасары және аудан әкімінің міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

Айта кетейік, бұл – жаңа Конституция қабылданғаннан кейін Абай облысында жүзеге асқан екінші аудан әкімінің тағайындалуы.



СЕМЕЙ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Экономиканың тұрақты дамуы мен жаңа жұмыс орындарының ашылуы инвестиция тартумен тікелей байланысты. Сондықтан мемлекет тарапынан инвесторлардың құқықтарын қорғауға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Бұл бағыттағы жұмыстар Семей қаласында да жүйелі түрде жалғасып келеді.

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei tañy»

Облыс әкімі Берік Уәлидің бастамасымен өткен «Туған жерге туынды тік» инвестициялық форумынан кейін өңірде бірқатар жобаларды іске асыру жұмыстары қарқын алды. Осыған орай Семей қаласында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында туындайтын өзекті мәселелерді талқылауға арналған кездесу өтті.

Қала әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, кездесуге қала әкімі Әділет Қожанбаев, Семей қаласының прокуроры Мейірман Қалиасқаров, қала әкімдігіне қарасты дербес бөлімдердің басшылары мен инвесторлар қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде туындайтын мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды заң аясында тиімді шешу. Бұл бағытта прокуратура органдары инвесторлардың құқықтарын қорғау, әкімшілік кедергілерді жою және қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

– Мемлекет басшысы қасым-Жомарт Тоқаев инвестиция тарту мәселесіне ерекше мән беріп келеді. Осыған сәйкес Семей қа-



ласының әкімдігі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасауға, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, кәсіпкерлер мен инвесторлардың мәселелерін жедел шешуге басымдық беріп отыр. Қазіргі таңда қалада өндіріс, құрылыс, агроөнеркәсіп, сауда және қызмет көрсету салаларында бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Әрбір жаңа жоба – жаңа жұмыс орындары, бюджет кірісінің артуы және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосылған маңызды үлес, – деді Әділет Нұрсағатұлы.

Кездесу барысында инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, рұқсат беру рәсімдерін оңтайландыру, инженерлік инф-

рақұрылыммен қамтамасыз ету және инвесторлар көтерген өзге де өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды.

Айта кетейік, Абай облысы құрылған уақыттан бастап 2025 жылдың соңына дейін Семей қаласында жалпы құны 41,6 млрд теңгеден асатын 14 инвестициялық жоба іске асырылып, пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 860-қа жуық жаңа жұмыс орны ашылды.

Кездесу соңында инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыру, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және өңірдегі инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатыны атап өтілді.

КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Құрылыс саласын сапалы отандық өніммен қамтамасыз ету және жергілікті өндірісті дамыту – өңір экономикасының маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев тақтатас пен жол жиектастарын өндіретін «NS BETON» жеке кәсіпкерлігінің жұмысымен танысты.

Кәсіпорындағы өндіріс толықтай автоматтандырылған заманауи жабдықтар арқылы жүзеге асырылады. Бүгінде мұнда тәулігіне 500-ден 1000 данаға дейін жол жиектасы және 400 шаршы метрге дейін тақтатас өндіріледі. Бұл өнімдер қаладағы жол құрылысы мен абаттандыру жұмыстарына кеңінен пайдаланылып келеді.

Ашылғанына небәрі екі жыл болған кәсіпорын бүгінде құрылыс саласының сұранысын қамтамасыз етіп, нарыққа бәсекеге қабілетті өнім ұсынып отыр. Заманауи өндіріс технологиясын енгізу өнім сапасын арттырып қана қоймай, жергілікті өндірістің әлеуетін нығайтуға да мүмкіндік беруде.

Нысанды аралау барысында қала басшысы өндіріс барысымен танысып, кәсіпорын ұжымымен пікір алмасты. Ол жергілікті өндірісті дамы-

туға әкімдік тарапынан әрдайым қолдау көрсетілетінін атап өтіп, өнім сапасын тұрақты түрде жетілдірудің маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Ең бастысы – сапаға ерекше көңіл бөлу керек. Қажетті құрылыс материалдарының өз қаламызда өндіріліп жатқаны қуантады. Бұл – жергілікті кәсіпкерліктің дамуының нақты көрінісі. Өнімдер жол құрылысында да, қаланы абаттандыру жұмыстарында да кеңінен қолданылады, – деді Әділет Нұрсағатұлы.

Қалада осындай өндіріс орындарының дамуы құрылыс материалдарын жергілікті жерде өндіру көлемін ұлғайтып қана қоймай, өңір экономикасының дамуына, кәсіпкерліктің өркендеуіне және импортқа тәуелділікті азайтуға да оң ықпал етеді.

Семей қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Кейбір оқиғалар уақыт өткен сайын көмескіленбейді. Керісінше, ел жадында жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сабақ болып қалады. 2023 жылдың маусымында Абай облысында болған Семей орманындағы алапат өрт – сондай қасіретті кезеңдердің бірі.

«38»: ӨРТКЕ ОРАНҒАН ОРМАННЫҢ ӨШПЕС ШЕЖІРЕСІ

Бек БОЛАТ,
«Semei tañy»

Қалың қарағайды жалмаған қызыл жалын 15 азаматтың өмірін жалмап, 63 мың гектардан астам орманды күлге айналдырған еді. Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ауыр табиғи апаттардың бірі.

Енді сол қасіретті күндердің шындығы үлкен экранға жол тартып отыр. 2026 жылдың 3 қыркүйегінен бастап еліміздің кинотеатрларында «38» («38. Соңғы нүкте») атты толықметражды көркем фильмнің көрсетілімі басталады.

Бұл – қазақ кинематографиясындағы орманшылардың жанкешті еңбегіне арналған алғашқы көркем фильм. Туынды табиғатты қорғауды өмірлік мұрат еткен азаматтардың кәсіби борышы мен адами ерлігін, сын сағаттағы қайсарлығын көркем тілмен ернектейді.

Фильмнің оқиғасы өрт құрсауында қалған орманшылардың тағдыры арқылы өрбиді. Олар тек тілсіз жаумен ғана емес, апаттың астарында жатқан қылмыстық әрекеттермен де бетпе-бет келеді. Заңсыз ағаш кесумен айналысқан топтың әрекеті табиғатқа ғана емес, адам өміріне де қауіп төндірген оқиғаның драмалық желісін тереңдете түседі. Кейіпкерлердің басты мақсаты – қандай қиындық болса да, адам өмірін сақтап қалу.

Фильмнің режиссері – Төребек Бейсебаев. Басты рөлдерді белгілі актерлер Алмат Сақатов, Асан Мәжит, Алтынай Негербек және басқа да өнер майталмандары сомдаған.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

2,5 МЛН ҚАРАҒАЙ КӨШЕТІ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ
Табиғатты қорғау – бүгінгі күннің ғана емес, келер ұрпақ алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Соңғы жылдары елімізде қоршаған ортаны қорғауға, орман қорын молайтуға және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Солардың бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы. Аталған бастама аясында өңірмізде орман алқаптарын қалпына келтіруге бағытталған ірі экологиялық жоба жүзеге асырылуда.

Ай-Керім ЦЕРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañy»

Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында жыл басынан бері «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы Абай облысындағы «Семей орманы» және Павлодар облысындағы «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваттарының аумағына 2,5 миллион қарағай көшетін отырғызды.

Экологиялық маңызы зор әлеуметтік бастаманы «Самұрық-Қазына» қорының бірыңғай қайырылымдық операторы – «Samruk-Kazyna Trust» іске асырып, қаржыландыруда. Жоба еліміздің орман қорын қалпына келтіруге, табиғи тепе-теңдікті сақтауға және өңірлердің экологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Мамандардың айтуынша, жаңа орман екпелері табиғи экожүйені сақтап қана қоймай, биоәртүрліліктің артуына, топырақтың құнарлылығын жақсартуға, жел мен су эрозиясының алдын алуға, сондай-ақ атмосферадағы көмірқышқыл газын сіңіру арқылы климаттың өзгеруінің кері әсерін азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар жасыл желек көлемінің артуы өңірдің экологиялық ахуалын жақсартып, келешек ұрпаққа қолайлы әрі таза табиғи орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоба әсіресе соңғы жылдары табиғи апаттардан зардап шеккен орман алқаптарын қалпына келтіру тұрғысынан маңызды. Орманды көбейту – тек жасыл желек санын арттыру ғана емес, табиғи байлықты сақтау, жануарлар дүниесінің мекен ету ортасын қорғау және экожүйенің тұрақты дамуына жағдай жасауға бағытталған ұзақ мер-

зімді жұмыс.

Биылғы жылдың соңына дейін «Семей орманы» және «Ертіс орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваттарының аумағында жалпы 5 миллион қарағай көшетін отырғызу жоспарланып отыр. Бұл бастама еліміздегі ең ірі экологиялық жобалардың бірі ретінде өңірлердің орман қорын толықтыруға және табиғи ресурстарды сақтауға елеулі үлес қоспақ.

Экологиялық жауапкершілікті арттыру, табиғатты қорғау және жасыл желекті көбейту бағытындағы мұндай игі бастамалар қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыруға да оң ықпал етеді. Орманды сақтау мен көбейту – мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан қоршаған ортаны қорғауға бағытталған осындай жобалардың маңызы жыл өткен сайын арта түсуде.

Семей қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстандық қоғамдық даму институты ұйымдастырған «Sagar» сарапшылар клубының өңірлік отырысы өтті. «Өңірлердің сайлау алдындағы күн тәртібін қалыптастырудағы рөлi» тақырыбында өткен жиынға Астана қаласы, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарының сарапшылық және академиялық қауымдастық өкілдері, азаматтық қоғам институттарының мүшелері, жастар ұйымдарының жетекшілері қатысты.

СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ

Жиынды Қазақстандық қоғамдық даму институтының Институционалдық талдау және реформалар орталығының директоры Риззат Тасым ашып, қазіргі саяси үдерістерде өңірлердің рөлі күшейіп келе жатқанын атап өтті.

–Қазіргі сайлау науқаны өңірлердің қоғамдық-саяси процесстерге белсенді араласуы жағдайында өтіп жатыр. Бір палаталы Құрылтайға көшу жағдайында партиялар аумақтық қамтуды кеңейтіп, өңірлік теңгерімді қамтамасыз етуге ұмтылуда. Осылайша, өңірлер негізгі электоралдық алаңға және Құрылтай құрамын қалыптастыруға тікелей қатысушы маңызды күшке айналып отыр, – деп атап өтті Риззат Тасым.

Отырыстың негізгі тақырыбы өңірлердің сайлау алдындағы күн тәртібін қалыптастырудағы орны, азаматтардың электоралдық белсенділігі, қоғамдық-саяси үрдістер және саяси партиялардың азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылы болды. Сонымен қатар қатысушылар жастардың сайлау үдерісіне қатысуы, өңірлік қоғамдық пікірдің ерекшеліктері және соңғы әлеуметтанулық зерттеулердің қорытындыларын талқылады.

Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процесстерді зерттеу орталығының директоры, философия ғылымдарының докторы Олия Масалимова институт жүргізген әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін таныстырды. Оның айтуынша, зерттеулер қоғамдағы өзекті әлеуметтік сұраныстарды, азаматтардың саяси көңіл күйін және өңірлік ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді.

– Зерттеу нәтижелері қоғамда елдің дамуына қатысты оң көзқарастың басым екенін көрсетеді. Азаматтар реформаларды қолдайды, өйткені олардың халықтың тұрмыс деңгейі мен өмір сапасына оң әсер етеді деп сенеді. Өзгерістерге деген оң көзқарас саяси тұрақтылықпен, қоғамдық келісіммен және мәдени мұраны сақтаумен тығыз байланысты. Сонымен қатар сауалнама қоғамның саяси партиялардан нақты әлеуметтік-экономикалық нәтижелер күтетінін де көрсетті. Респонденттердің 62,3 пайызы еңбекқақыны, зейнетақы



мен шәкіртақыны арттыруды басты басымдық деп атады. 48,9 пайызы инфляцияны төмендету мен тауарлар және қызметтер бағасын тұрақтандыруды маңызды санайды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті – 30,3 пайыз, жаңа жұмыс орындарын ашу мен жұмыссыздықты азайтуды – 29,8 пайыз, салық жүктемесін төмендетуді – 29,3 пайыз, денсаулық сақтау жүйесін дамытуды – 28,1 пайыз, тұрғын үй мәселесін шешуді 25 пайыз респондент маңызды бағыт ретінде көрсетті. Бұл көрсеткіштер әр өңірдің өзіндік қоғамдық сұранысы бар екенін айқын аңғартады. Сондықтан электоралдық кезеңде саяси партиялар үшін өңірлердің әлеуметтік ерекшеліктерін мен тұрғындардың басым қажеттіліктерін қамтитын «өңірлік паспорт» әзірлеу маңызды. Мұндай тәсіл қоғамдық сұранысты дәлірек бағалап, өңірлік ерекшеліктерге негізделген тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Олия Масалимова.

Абай облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, тарихшы Мадияр Насыров жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуының маңызына тоқталды. Оның айтуынша, әр өңірдің тұрғындары көтеретін мәселелер әртүрлі болғандықтан, саяси партиялар өңірлік ерекшеліктерді ескерген жағдайда ғана халықтың нақты сұранысына жауап бере алады.

«Интеллектуалды жастар қоғамының» жетекшісі Қуаныш Молдақашев жастарды қоғамдық бастамаларды әзірлеуге, талқылауға және саяси шешімдер қабылдау үдерісіне кеңінен тартудың қажеттігін айтты.

Шығыс Қазақстан облысының

ДЕНСАУЛЫҚ 7400 БАЛА ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ АЛДЫ

Ағымдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында Абай облысында 7400 бала қызылшаға қарсы вакцина алды. Соған қарамастан, өңірде екпеден бас тартатындардың саны әлі де азаймай отыр. Мамандардың айтуынша, вакцинация – қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алудың ең тиімді жолы. Уақытылы жүргізілген екпе тек жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның денсаулығын қорғауға мүмкіндік береді.



Халықты жоспарлы иммундау жұмыстарының барысы, өңірдегі эпидемиологиялық ахуал және профилактикалық екпелердің маңыздылығы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында кеңінен талқыланды.

– Елімізде жоспарлы иммундау бағдарламасы жыл сайын жетілдіріліп, кеңейтіліп келеді. Қазіргі таңда бағдарлама аясында балалар, жасөспірімдер және ересектер инфекцияға қарсы 21 вакцина алады. Ұлттық иммундау бағдарламасы шеңберінде облыста жыл сайын 150 мыңнан астам адам профилактикалық екпемен қамтылады. Биылғы жылдың алғашқы алты айында 6 жасқа дейінгі 7400 бала қызылшаға қарсы егілді. Сонымен қатар көкжөтелге, дифтерияға және сіреспеге қарсы жоспарлы вакцинациямен 6297 бала қамтылды. Вакцина алғандар арасында иммундаудан кейінгі жағымсыз әсерлер тіркелген жоқ, – деді Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Айгүл Тоқтабаева.

Спикердің айтуынша, кейбір ата-аналар әлі күнге дейін балаларын вакцинациялаудан бас тартыды. Мұндай жағдайда баланың қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы иммунитеті қалыптаспай, оның денсаулығына елеулі қауіп төнуі мүмкін.

– Биылғы жылдың алғашқы алты айында ғана 1503 ата-ана балаларын вакцинациялаудан бас тартты. Бұл қызылша мен көкжөтелге қатысты қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға әсер етуде. Қазақстанда халықты иммундау үшін мемлекеттік тіркеуден өткен, сапасы қатаң бақылаудан өткізілген әрі қауіпсіздігі мен тиімділігі халықаралық сертификаттармен расталған вакциналар қолданылады. Мемлекеттік тіркеу бірнеше кезеңнен тұратын күрделі үдеріс. Сонымен қатар барлық вакцинаның сапасы заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген Республикалық иммунобиологиялық зертханада зертханалық бақылаудан өтеді. Вакцинация балалар арасындағы аурушандық

пен өлім-жітім қаупін төмендетуде маңызды рөл атқарады. Қызылшаның таралуын тоқтату үшін халықтың кемінде 95 пайызы вакцина алуы қажет, – деді Айгүл Тоқтабаева.

Абай облысының штаттан тыс бас инфекционисі Имдат Эфендиев вакцинацияның арқасында көптеген қауіпті жұқпалы аурулардың өршуіне жол берілімді отырығын айтты.

– Полиомиелит адамды өмір бойына мүгедек етуі мүмкін. Оған қарсы қолданылатын вакцина толықтай қауіпсіз. Ол – инактивтелген вакцина. Яғни ауру тудырмайды, бірақ ағзада оған қарсы иммунитет қалыптастырады. Көршілес елдерде бұл қауіпті аурудың өршу жағдайлары тіркелген. Сонымен қатар нәрестелер өмірінің 3–4-күні В гепатитіне қарсы егіледі. Бұл вакцина гөндік инженерия әдісімен әзірленген және В гепатитінен сенімді қорғаныс қалыптастырады, – деді Имдат Эфендиев.

Дәрігердің айтуынша, вакцинация көкжөтелден, А гепатитінен және адам папилломасы вирусынан (HPV) да сенімді қорғайды. Ол екпеден бас тартудың салдары ауыр болуы мүмкін екенін ескертті.

– Вакцина салдырудың маңызы өте зор. Екпе алғаннан кейін баланың дене қызуы аздап көтеріліп немесе ине салынған жері сәл ауыруы мүмкін. Бұл – ағзаның вакцинаға қалыпты жауабы. Мұндай белгілер көп ұзамай басылып, ағзада ауруға қарсы иммунитет қалыптасады. Соның арқасында бала қауіпті жұқпалы аурулардан қорғалып, дені сау болып өседі. Бұл – әрбір отбасы үшін ғана емес, жалпы қоғамның денсаулығы үшін де маңызды.

Қызамыққа қарсы вакцинацияның да маңызы ерекше. Бұл инфекция жүкті әйелдер үшін аса қауіпті. Егер жүкті әйел қызамық жұқтырса, нәресте түрлі туа біткен даму кемістіктерімен дүниеге келуі мүмкін. Сондықтан бұл аурудың алдын алудың ең тиімді жолы – уақытылы вакцина алу, – деді Абай облысының штаттан тыс бас инфекционисі Имдат Эфендиев.

Өңірлік коммуникациялар қызметі



ТАРИХИ МҰРА

Абай ауданындағы киелі орындарды сақтау мен жаңғырту бағытындағы игі жұмыстар жалғасуда. Солардың бірі – аудан орталығынан 15 шақырым жерде орналасқан Айпара ана қорымын абаттандыру бас-тамасы. Бұл – халқымыздың тарихи жады мен рухани мұрасына деген құрметтің жарқын көрінісі.

АЙПАРА АНА ҚОРЫМЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА

Ай-Керкем МАҚЫШ,
«Semei taһy»



Айпара ана қорымы – өңір тарихымен біте қайнасқан қасиетті мекендердің бірі. Мұнда 130-дан астам адамның мәңгілік мекені орналасқан. Солардың қатарында қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі, Құнанбай қажының әкесі Өскенбай би Ырғызбайұлының мазары бар. Сондықтан бұл қорымның тарихи-танымдық әрі рухани құндылығы ерекше.

Уақыт өткен сайын мұндай киелі орындарды күтіп-баптау, оларды келер ұрпаққа лайықты күйде жеткізу – баршаға ортақ міндет. Осы жауапкершілікті терең сезінген Олжай әулетінің ұрпақтары қорымды абаттандыру және жөндеу жұмыстарын қолға алып отыр. Бастама аясында қорым аумағын ретке келтіру, келушілерге қолайлы жағдай жасау және тарихи нысанның келбетін жаңғырту көзделген.

Абаттандыру жұмыстарының басталуына орай аудан әкімі Мейіржан Смағұлов аудандық мәслихат төрағасы Мақсат Нұрсұлтанұлымен бірге қорымға арнайы барып, ата-баба рухына Құран бағыштады. Сондай-ақ жауапты азаматтармен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстардың барысын қарап, алдағы жоспарларды талқылады. Кездесу барысында тарихи-мәдени мұраны сақтау, қасиетті орынның келбетін жақсарту және жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтау мәселелеріне баса назар аударылды.

Мұндай бастамалар – туған жерге деген сүйіспеншіліктің, ұлттық құндылықтарға деген құрметтің және ел бірлігінің нақты көрінісі. Тарихи орындардың сақталуы өңірдің рухани өмірін байытып қана қоймай, мәдени-танымдық және зиярат туризмін дамытуға да оң ықпал етеді.

Осындай игі іске ұйытқы болған Олжай ұрпақтарына, қолдау көрсеткен ел ағалары мен ауыл азаматтарына жұртшылық зор ызығашылық білдіруде. Өйткені ата-баба аманатына адалдық танытып, қасиетті мұраны сақтау – бүгінгі буының көлешек алдындағы үлкен жауапкершілігі.

Қасиетті орындарды қорғау – өткенді ұлықтау ғана емес, болашаққа бағытталған маңызды қадам. Айпара ана қорымын жаңғырту жұмыстары ұлттық рухты нығайтып, тарихи сананы қалыптастыруға және өскелең ұрпақты туған жердің тарихын құрметтеуге үндейтін тағылымды іс болып қала бермек.

СПОРТ

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Абай ауданында бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды салауатты өмір салтына бау-лу және ұлттық спорт түрлерін кеңінен насихаттау бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Соңғы жылдары спорттық инфрақұрылым кеңейіп, балалар мен жастардың спортпен жүйелі айналысуына қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінуде.

Ай-Керім ЖАҚЫП,
«Semei taһy»

- Бүгінде аудан бойынша дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде айналысатын тұрғындар саны 5 403 адамға жетіп, жалпы халықтың 41,9 пайызын құрап отыр. Бұл көрсеткіш аудан тұрғындарының спортқа деген қызығушылығының артып келе жатқанын аңғартады. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында аудан көлемінде жыл сайын өткізілетін спорттық іс-шаралардың саны артуда. 2025 жылы 50 жарыс ұйымдастырылса, биыл 60 спорттық іс-шара өткізіміз деп жоспарлап отырмыз. Қазіргі уақытқа дейін оның 46-сы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. - дейді Абай ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Медғат Түсіпов.

Медғат Шалқарұлының айтуынша, спорт саласының дамуы ең алдымен білікті мамандарға байланысты. Бүгінде ауданның жалпы білім беретін мектептерінде 44 дене шынықтыру пәнінің мұғалімі еңбек етсе, Абай ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 46 жаттықтырушы-педагог жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, олардың жоғары жетістіктерге жетуіне бағыт-бағдар беріп келеді.

Ауданның балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде бүгінде спорттың 9 түрі бойынша бөлімдер жұмыс істейді. Оның ішінде бокс, дзюдо, волейбол, жүзу, футбол, таэквондо WT, көркем гимнастика, қазақ күресі және тоғызқұмалақ бар. Қазіргі таңда мұнда 892 бала тұрақты түрде жаттығады.

Бүгінде аудан мектептерінде 46 спорттық үйірме тұрақты жұмыс істеп, оған 652 оқушы қатысуда. Үйірмелер аясында волейбол, футбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, бокс, қазақ күресі, асық ату, хоккей сияқты спорт түрлері бойынша жүйелі жаттығулар ұйымдастырылған. Бұл балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, дене шынықтырумен тұрақты айналысуына және спортқа деген қызы-



ғушылығын арттыруға зор мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар ауданның спорт инфрақұрылымы да жыл сайын дамып келеді.

- Қазіргі уақытта аудан аумағында тұрғындарға қызмет көрсететін 32 спорт нысаны бар. Оның ішінде 2 спорт кешені, 10 хоккей алаңы, 1 жүзу бассейні, 1 ипподром және 18 ашық спорт алаңы жұмыс істейді. Аталған нысандардың барлығы тұрғындардың еркін пайдалануына қолжетімді әрі бұқаралық спортты дамытуға, халықтың денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды орындар саналады. Жаңа спорт нысандарының құрылысы да жалғасуда. Көкбай ауылындағы спорт модулінің құрылысының шамамен 80 пайызы аяқталды. Қазіргі уақытта сметалық құжаттарға түзе-тулер енгізілуде. Ал Саржал ауылында салынып жатқан спорт модулінің іргетасы қүйы-лып, әкімшілік ғимараты бой көтерді. Қаржыландыру көле-міннің шектелуіне байланысты құрылыс уақытша баяулаған-нымен, биыл нысанның шаты-рын жабу жоспарланып отыр,- дейді Медғат Түсіпов.

Аудан спортшылары облыс-тық, республикалық және ха-де қаралық ареналарда да жо-ғары нәтижелер көрсету-

де. Биыл Абай облысы әкімі-нің жүлдесіне арналған халық спорт ойындарында аудан құ-рамасы жалпыкомандалық есепте ІІІ орынды иеленді.

Халықаралық жарыс-тарда дзюдошы Әліжан Сайлаубеков Польшада өт-кен Еуропа кубогында 81 келі салмақ дәрежесінде қола жүл-дені жеңіп алды. Ал Бекзат Болатбек Алматы қаласын-да өткен Cadet Asian Cup 2026 турнирінде үшінші орынға ие болып, кейін Иорданияның Амман қаласында өткен ка-деттер арасындағы Азия че-пионатында 66 келі салмақ дәрежесінде күміс медаль ен-шіледі. Бұл жетістіктер аудан спортының әлеуеті жыл сайын артып келе жатқанын көрсете-ді.

Ұлттық спорт түрлерін да-мыту бағытында да маңызды қадамдар жасалуда. Биыл ау-данда «Туристік ақпараттық орталығы, сондай-ақ бұқара-лық және ұлттық спорт ойын-дарының орталығы» комму-налдық мекеметтік мекемесі құрылды. Жаңа мекеме ұлт-тық спортты жүйелі дамытуға бағытталған.

Алдағы уақытта асық ату, садақ ату, қазақ күресі, ат спорты, қол күресі және өзге де ұлттық спорт түрлері бо-йынша жаңа секциялар ашы-

лып, жарыстардың саны ұл-ғайтылмақ. Сонымен бірге осы бағытта жаңа жұмыс орында-рын құру жоспарланып отыр.

Қадрлық әлеуетті нығайту да басты назарда. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағ-дарламасы арқылы ауылдық жерлерге жас мамандар тарты-лып, дене шынықтыру мұға-лімдері мен спорт саласының қызметкерлеріне қолдау көрсетіледі. Бұған қоса жаңадан құрылған мекемелерге кәсіби әрі жас кадрларды жұмысқа қабылдау көзделіп отыр.

Алдағы кезеңде аудан ор-талығында заманауи спорт кешенін салу мәселесі де қа-растырылуда. Бұл бағыт-та кәсіпкерлермен келіссөз-дер жүргізіліп жатыр. Жаңа жобалардың жүзеге асуы ау-дан тұрғындарының спортпен тұрақты шұғылдануына тиің мүмкіндік беріп, бұқаралық және ұлттық спорттың дамуы-на жаңа серпін береді.

Бұқаралық спортты дамыту, ұлттық спорт түрлерін жаңғыр-ту және жастардың салауат-ты өмір салтын қалыптасты-ру – Абай ауданындағы спорт саясатының негізгі басымдық-тарының бірі. Осы бағытта-ғы жүйелі жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, аудан спортының жаңа жетістіктер-ге жетуіне негіз болмақ.

РУХАНИЯТ



Цифрлық технологиялар қарқынды дамыған бүгінгі заманда кітапхананың қоғамдағы рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Қазіргі кітапхана – білім мен мәдениеттің, ұлттық құндылықтар мен рухани тәрбиенің орталығы. Оқырман сұранысына сай қызмет көрсетіп, кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келе жатқан мәдениет ошақтарының бірі – Абай аудандық М.Әуезов атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі. Кітапхана қызметі, кітап оқу мәдениетін дамыту, жастарды кітапханаға тарту бағытындағы жұмыстар мен алдағы жоспарлар жөнінде аталған мекеменің директоры Қамал Дина Жаңабекқызымен сұхбаттасқан едік.

КІТАПХАНА – ОЙ МЕН ТАНЫМ ОРДАСЫ

- Дина Жаңабекқызы, өңгімеміздің әлқисса-сында Абай аудандық кітапханасының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы айтып берсеңіз...

- Орталық кітапхана – аудан тұрғындарының ақпараттық, мәдени және рухани сұранысымен қамтамасыз ететін маңызды мәдениет ошағы. Руханият ордасы бүгінде кітап беру қызметімен ғана шектелмей, заманауи білім мен мәдениеттің көпфункционалды орталығына айналып келеді.

Кітапханалар, негізінен, кітап оқу мәдениетін дамыту, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу, өлкетану жұмыстарын жетілдіру, жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және цифрлық қызметтерді дамыту бағытында жұмыс істейді. Қазіргі таңда аудан бойынша орталық кітапхана мен 9 ауылдық кітапхана халыққа тұрақты қызмет көрсетіп отыр.

- Бүгінгі оқырман қандай әдебиеттерге көбірек қызығушылық танытады? Қанша кітап қоры бар?

- Қазіргі таңда кітапхана қорында 155 708 дана кітап бар. Оның ішінде 109 833 данасы - мемлекеттік тілдегі әдебиеттер. Қор жыл сайын жаңа кітаптармен толықтырылып отырады. Соңғы жылдары кітапханаға келушілер мен тұрақты оқырмандар саны артты. Бұл – кітапхана қызметінің жаңаша форматта ұйымдастырылуының, кітап қорының жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықтырылуының және мәдени-ағартушылық іс-шаралардың жүйелі өткізілуінің нәтижесі деп есептейміз. Әсіресе жастардың қызығушылығы байқалады. Олар психология, өзін-өзі дамыту, әлемдік жетістіктер мен қазіргі қазақ әдебиетін оқыса, ересек оқырмандар тарихи шығармалар мен өлкетану әдебиеттерін жиі таңдайды. Ал Абай, Шөкәрім және Мұхтар Әуезов шығармалары әрдайым сұранысқа ие.

- Оқырман санын көбейту, кітап оқуды насихаттау – кітапхана жұмысының басты бағыты. Бұл ретте қандай іс-шаралар жүзеге асырылуда?

- Иә, бұл – біздің жұмысымыздағы негізгі ба-

ғыттардың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығында да кітап оқу мәдениетін дамытуға ерекше мән берілген. Бұл бастама кітапханалар жұмысына жаңа серпін беріп, тұрғындардың, әсіресе жастардың кітапқа қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстарды жаңаша сипатта жүргізуді талап етеді. Сондықтан біз барлық мәдени-ағартушылық іс-шараларымызды осы бағытпен сабақтастыра ұйымдастыруға басымдық береміз. Кітапты және оқуды насихаттау, қоғамда кітапқа деген қызығушылықты арттыру мақсатында заманауи форматтағы кітап көрмелері, ақын-жазушылармен кездесулер, шығармашылық кештер жыл ұйымдастырылады. Кітапханаларымызда ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Абай өңірінен шыққан тарихи тұлғалардың мерейтойларына орай түрлі мәдени іс-шаралар өткізіледі. Жыл басынан бері аудан кітапханаларында офлайн және онлайн форматта 79 мәдени-көпшілік іс-шара өткізілді. Ал «Оқитын ұлт» жобасы аясында өткен 35 іс-шараға 874 тұрғын қатысты.

Сонымен қатар әдеби кештер, кітап көрмелері, поэзия сағаттары, шығармашылық кездесулер, кітап оқу акциялары мен зияткерлік ойындар тұрақты ұйымдастырылып келеді.

Жалпы, тұрғындардың кітапханаға келу белсенділігі жақсы. Жастар әдеби квесттерге, пікірластарға, шығармашылық жобаларға белсенді қатысса, аға буын тарихи шығармалар мен өлкетану әдебиеттеріне қызығушылық танытады.

Кітапханаға келе алмайтын оқырмандарға телефон арқылы кеңес беру, қажетті әдебиеттерін алдын ала дайындау және мүмкіндігіне кітап жеткізу қызметтері де көрсетіледі. Сонымен қатар егде жастағы тұрғындарға цифрлық қызметтерді пайдалануға көмектесеміз.

- Жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын оқырмандарға насихаттау, таныстыру және кітапхананың мәдени-рухани орталық ре-

тіндегі қызметі туралы не айтасыз?

- Кітап насихатталмаса, оқырманға жете бермейді. Жергілікті қаламгерлердің шығармаларын насихаттау мақсатында әдеби кештер, поэзия сағаттары, кітап көрмелері, кітап оқу акциялары мен танымдық кездесулер тұрақты өткізіледі. Биыл аудан кітапханаларында 57 кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оның ішінде өлкетану бағытындағы көрмелерде Абай өңірінен шыққан ақын-жазушылардың шығармалары кеңінен таныстырылды.

Кітапхана жанындағы «Әдеби өлкетану» клубы Абай, Шөкәрім, Мұхтар Әуезов, Көкбай Жанатайұлы, Шөкір Әбен, Қайым Мұхамедханов және Медеу Сәрсекке шығармашылығын насихаттауға бағытталған. Сонымен қатар «Абай оқулары», «Бір ел – бір кітап», «Оқитын ұлт» жобалары аясында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

- Оқырман санын арттыру үшін жаңа технологиялық мүмкіндіктерді қалай қолданып жатырсыздар?

- Оқырмандарды кітапханаға тарту үшін қызмет аясын кеңейтіп, жаңа бағытта, жаңа үлгіде жұмыс істеу қажет. Қазіргі уақытта кітапхана қызметін цифрландыруға ерекше көңіл бөлінуде. Оқырмандар әлеуметтік желілер арқылы жаңа әдебиеттермен танысып, қажетті кітаптарға алдын ала тапсырыс бере алады.

Сонымен қатар кітап қорын электрондық каталогқа енгізу, өлкетану материалдарын цифрландыру және электрондық деректер қорын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Болашақта QR-код жүйесін енгізу, аудиокітаптар қорын кеңейту және мобильді кітапхана қызметін дамыту жоспарланып отыр.

- Аудан кітапханаларында биыл қандай жобалар жүзеге асырылуда?

- Биылғы жылдың басты жаңалығы – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Кітап–Lab» жобасы. Осы бастама аясында аудандық орталық кітапхана мен Көкбай және Қасқабұлақ ауылдық кітапханаларын жаңғырту жоспарланып отыр.

Алдағы уақытта шығармашылық және цифрлық бағыттағы үйірмелердің жұмысын кеңейту, кітап фестивалдарын өткізу, оқырмандар клубтарын дамыту, электрондық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және кітап қорын кезең-кезеңімен цифрландыру жұмыстары жалғасады.

- Кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру бағытында қандай жұмыстар жүргізілуде?

- Қазіргі таңда кітапхана қызметін пайдаланушылардың интеллектуалдық деңгейі жоғарылап, сұраныстары күрделеніп келеді, сондықтан бүгінгі кітапханашы – тек кітап беретін маман емес, ол – ақпараттық кеңесші, мәдени ұйымдастырушы әрі қызмет көрсетудің әдіс-тәсілін жақсы меңгерген білікті маман болуы шарт. Мамандардың кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Кітапханашылар облыстық семинарларға, тәжірибе алмасу алаңдарына, шеберлік сабақтарына тұрақты қатысады. Сонымен қатар аудандық кітапхана базасында әдістемелік кундер мен практикалық оқыту жұмыстары ұйымдастырылады.

- Бүгінгі қоғамдағы кітапхана мен кітаптың рөлі туралы не айтар едіңіз?

- Ақпараттық технологиялар қаншалықты дамығанымен, кітап пен кітапхананың маңызы кеміген жоқ. Керісінше, ақпарат көп заманда адамның оны дұрыс саралап, терең түсінуіне кітаптың ықпалы зор. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтіп, рухани дамуына жол ашады. Ал кітапхана – білім мен мәдениеттің, шығармашылық пен ұлттық құндылықтардың тоғысқан орталығы. Дегенмен кітап оқу мәдениетін дамыту кітапханашылардың ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті деп санаймын. Ойы сергек, танымы терең, бексөзге қабілетті зерделі ұрпақ қалыптастыруға бәріміз үлес қосуымыз керек.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei taһy»

